

# Мұражайда ерекше шара өтті

**«Музейлер шеруі» Республикалық акциясы аясында қаламыздағы облыстық «Дала өлкесі тарихы» мұражайында «Менің қалам – менің тарихым» аталған іс-шара ұйымдастырылды.**

Акцияға қала әкімінің орынбасары Түбекбай Гапсалықұлы, Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы Гүлбану Төкенқызы бас болып, түрлі сала басшылары, ақсақалдар, зиялы қауым түгел жиналған. Жиын басында қала әкімінің орынбасары қолға алынған шараның маңыздылығына тоқталды. – Бұл шара Елбасының: «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалары аясында, Республикалық «Музейлер шеруі» акциясына үн қосу мақсатында ұйымдастырылып отыр. Өткенімізді танып, тарихымызды бағамдауға бағытталған жобаның маңызы зор деп білемін. Өңірімізге келген қонақтар әуелі музейге келіп, адамзаттың даму кезеңдерімен, Торғай өңірінің тыныс – тіршілігімен, тарихымен танысады. Соның барлығын музей қызметкерлері келушілерге кең көлемде жеткізіп отырады. Сондықтан музей қызметкерлерінің атқарып жатқан жұмысын әр уақытта да жоғары бағалаймыз, – деді Түбекбай ӘУБӘКІРОВ.

Аталған шараның ерекшелігі сол мұражайдағы мәліметтермен музей қызметкерлері емес, басқа саланың өкілдері таныстырды. Атап айтсақ, адам мен өмір сүру шаруашылығының қалыптасу кезеңі – «Тас ғасыры» жайында Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ –дің «Қазақстан тарихы, құрлық және экономика негіздері» кафедрасының аға оқытушысы Баубек Аймаханұлы шолу жасаса, «Үлт – азаттық қозғалысына» арналған тұрақты экспозицияны Амангелді Имановтың сарбазы



Гапбас САЛАМАТОВТЫҢ ұрпағы Қанжар Гапбасұлы таныстырды. Осы сынды түрлі сала мамандары: Қазақ хандығы, Керей мен Жәнібектің Жетісуға қоныс аударуы, Жоңғарлармен болған соғыс, қазақ жауынгерлерінің киімі мен құрал – саймандары, әр түрлі жүннен тоқылған төсеніштер, ағаш, зергерлік бұйымдар, Алаш көсемдеріне арналған тұрақты экспозиция, Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі елімізде болған өзгерістер, «Ұлы Отан» соғысы жайлы, Тың және тыңайған жерлерді игеру, Торғай өлкесінен шыққан

атақты ақын – жазушылар, ҚР Халық әртістері, мәдениет және спорт, Арқалық гарьш айлағы, алғашқы тіршілік, Торғай өңірінің өткені мен бүгінгі, табиғат байлықтары т.б. жайлы мәліметтерді келушілер назарына ұсынды. Сондай ақ, «Сурет өнері – Өнер атаулының бастауы» тақырыбымен Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Сапарбек ҰЗАҚОВТЫҢ шығармашылық көрмесі мен «Сіз коллекция жинайсыз ба?» аталатын тұрғындардан алынған түрлі коллекциялық бұйымдар назарға ұсынылды.